

"Теңіз жасағы" акционерлік қоғамын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 29 тамыздағы № 707 қаулысы.

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Теңіз жасағы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – қоғам) құрылсын.

2. Мұнайдың төгілуін жою жөніндегі жедел іс-қимылдарды жүзеге асыру қоғам қызметінің негізгі нысанасы болып айқындалсын.

3. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес республикалық мүлік есебінен қоғамның жарғылық капиталын қалыптастыру қамтамасыз етілсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) қоғамның жарғысын бекітуді;

2) мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарға қоғам атынан қол қоюға, қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыруға және басқару органдары құрылғанға дейін үшінші тұлғалар алдында оның мүдделерін білдіруге уәкілетті тұлғаны сайлауды;

3) қоғамды "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамында мемлекеттік тіркеуді;

4) қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқықтарын Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне беруді;

5) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

5. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін толықтырулар бекітілсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министр

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2024 жылғы 29 тамыздағы
№ 707 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін толықтырулар

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі № 405 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен қатысу үлестері республикалық меншікте қалатын акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Маңғыстау облысы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 236-13-жолмен толықтырылсын:

"236-13. "Теңіз жасағы" акционерлік қоғамы".

2. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 295-13-жолмен толықтырылсын:

"295-13. "Теңіз жасағы" акционерлік қоғамы".

3. "Мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1095 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесінде:

156-тармақтың 5-бағаны мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) "Теңіз жасағы" акционерлік қоғамы".

4. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ережеде:

16-тармақ мынадай мазмұндағы 296-13), 296-14), 296-15) және 296-16) тармақшалармен толықтырылсын:

"269-13) мұнайдың төгілуі туралы ақпаратты алуды және беруді жүзеге асырады;

269-14) мұнайдың төгілуін жою бойынша оқу-жаттығулар мен жаттығулар өткізеді;

269-15) мұнайдың үшінші деңгейдегі төгілуін жою жөніндегі жедел іс-қимылдарды ұйымдастырады;

269-16) мұнайдың төгілуін жою туралы сұрау салу алған жағдайда халықаралық көмекке жүгіну жөніндегі және басқа елдерге көмек көрсету жөніндегі іс-қимылдарды ұйымдастырады;"

Министрліктің және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

"Акционерлік қоғамдар" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 4-жолмен толықтырылсын:

"4. "Теңіз жасағы" акционерлік қоғамы".

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2024 жылғы 29 тамыздағы
№ 707 қаулысына
қосымша

"Теңіз жасағы" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын қалыптастыруға арналған республикалық мүліктің тізбесі

Р/с №	Атауы	Мекенжайы	Шығарылған жылы	Бағалау құны, теңгемен	Түгендеу номері
1	Тікұшақ типті пилотсыз ұшу аппараты	Маңғыстау облысы, Түпқараған ауд., Форт-Шевченко ауд., № 42 өнеркәсіптік аймақ	2023 жылғы желтоқсан	87769948	236009008808
2	Тікұшақ типті пилотсыз ұшу аппараты	Маңғыстау облысы, Түпқараған ауд., Форт-Шевченко ауд., № 42 өнеркәсіптік аймақ	2023 жылғы желтоқсан	87769948	236009008809
3	Электрлендірілген тіркемелі сорғы станциясы	Маңғыстау облысы, Түпқараған ауд., Форт-Шевченко ауд., № 42 өнеркәсіптік аймақ	2022 жылғы желтоқсан	11568435	236009008845
Жиыны				187108331	